

**«Жамбыл облысы әкімінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің
«Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын»**

«Балапан» ортаңғы топ

«1 қыркүйек-Білім күні!»

**Тәрбиеші: Ж.Жумагулова
Ә. Жаназарова**

**Талапты ауылы
2024-2025 оқу жылы**

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

1 қыркүйек-Білім күні!

Тақырыбы: «1 қыркүйек-Білім күні!»

Жүргізуші:

Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудың үні қандай?»
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдықта асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы-
Балабақшадан басталады.

Жүргізуші: Қош келіңіздер құрметті қонақтар, балалар! Бүгін-1 қыркүйек-Білім күні.
Мерекелеріңіз құтты болсын!
Бүгінгі мерекемізге әнұранымызды шырқайық.

Әнұран

Жүргізуші: Білімнің бастауы балабақшадан басталады.

-Біздің балабақшамыздың аты қандай?

-Біз қай топтанбыз?

-Жастарың нешеде?

-Әпкейлеріңнің аты кім?

Жалқаубек: Ой, мұнда не болып жатыр?

Не үшін сықиып киініп алғансыңдар?

Кеттік далаға барып ойнайық?

Балалар: Бүгін мереке ғой!

Жүргізуші: Сәлемет пе, Жалқаубек! Алдымен амандасу керек!

Жалқаубек: Сәлеметсіздер ме!

Балалар: Сәлеметсің бе!

(қоңырау үні)

Жүргізуші: Жалқаубек, естідің бе қоңыраудың соғылғанын. Бүгін білім күні.

Барлық балалар мектепке, балабақшаға асығуда. Олар білім алуға, жақсы тәрбие алуға, жақсы өмір сүруге құқылы. Мұның болмайды кәне киімді ретке келтіріп, білімге құштар балалармен бірге білім алуға асық.

Жалқаубек: Жарайды менде тәртіпті, білімді бала болғым келеді.

Ойын: «Кім жылдам?»

Шарты: Түрлі кедергілерден өтіп, оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып жинау.

Жүргізуші: Ал, балалар көңіл күйімізді көтеріп ән шырқайық.

Ән: «Біз бақытты баламыз!»

Ертегі: «Мақта қыз бен мысық» (ертегінің желісін балалар айтаы)

Психолог тренинг «Жақсы, жаман»

Құттықтау сөз: Балабақша меңгеруші: Айжарыкова Баян Жапсаралиқызына сөз берілеі.

